

№12 жалпы орта мектебі

«Балапан» МАД сыныбының ата-аналар жиналасының хаттамасы №1

Қатысқан ата-ана: 15

Өткізілген күні: 15.09.2021ж

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Ата-аналар жаңа оқу жылының мақсаттарымен таныстыру және ата-аналар комитетін сайлау.
2. «5-6 жас балалардың даму ерекшеліктері» баяндама.
3. «Алтын күз» мерекесіне дайындық.

Бірінші мәселе бойынша- сынып тәрбиешісі Жаукимова Н.Т жаңа оқу жылының мақсаттарымен таныстырып өтті. Балалармен мектепке дейінгі білім беру стандарты бойынша жұмыстар атқарылатынын атап өтті. Тәрбиеші ата-анаар комитетін сайлауға ұсыныс тастады.

Ата-ана- Әшімханова Айнұр сөз кезегін алып, Сұлтанова Айгүл, Бахытова Жанат және Тұрсынбаева Мадинаны ата –аналар комитетінің мүшелері болуға лайықты деп айтып өтті.

Екінші мәселе бойынша- сынып тәрбиешісі Жаукимова Н.Т «5-6 жас балалардың даму ерекшеліктері» туралы баяндама оқыды.

Шешім:

1. 2021-2022 оқу жылының іс- жоспары және мақсаттары қанағаттандырылсын.
2. Ата-аналар комитетінің төрайымы: Сұлтанова Айгүл, мүшелері: Әшімханова Айнұр, Бахытова Жанат және Тұрсынбаева Мадинан, болып сайлансын.
3. «Балапан» МАД сыныбындағы кезекті ата-аналар жиналысы қаралған мәселелерді бір ауыздан мақұлдады.

Жауаптылар : Барлық ата-аналар және сынып тәрбиешісі: Жаукимова Н

Жиналыс төрайымы:

Хатшысы:



Жаукимова Н.Т

Алибекова А

«5-6 жас балалардың даму ерекшеліктері» баяндама.



Алты жасқа қараған бала денесінің дамуында ерекше өзгерістер байқалады. Бойы – 116см, салмағы – 21, 5кг, көкірек аумағы иығы, жанбасы ұлғаяды, аяқ башпайлары мен қолының саусақтары ұзарады. Сонымен бірге ұл бала мен қыз баланың дене мүшелерінің дамуында айырмашылықтар байқала бастайды. Мысалы, қыз баланың көкірегі тез дамиды, саусақтарының салалығы әр түрлі болады. Ұл баланың дене мүшелерінің жетілуі бір - бірімен өте тығыз байланысты өтеді. Бес жаста баланың буындары, сүйектері (206), бас сүйегінің мөлшері, формасы, құрылысы жағынан әр түрлі дамиды. Дегенмен, бұл кезде сүйектері қатая қоймаған, иілуге икем келеді, (сондықтан жиі зақымданғыш) жығылудан, бір жерін ұрып - соғып алудан сақтаған жөн. Бұл кезде баланың ірі бұлшық еттері бір шама қатайғанмен, майда бұлшық еттері, саусақтары әлі де әлсіз.

Баланың мінез - құлқын реттеуде жоғары ми қабығының мөлшері артып, жүйке жүйесінің қызметі жетіле түседі, мидың алдыңғы бөліктері шапшаң дамиды, сондықтан күрделі ұғымдарды түсінеді (киім дегенде бала барлық киімнің түрлерін, ойыншық дегенде барлық ойыншықтардың түрлерін айта алады), ойыншықтар мен қуыршақтар мен әрекет жасай алады, бұл заттардың бәрін адамдар жасағанын түсінеді, қуыршақ театрының кейіпкерлерінің кейбір сөздерін, тапқақтарын жатқа айта алады.

Алты жасқа қараған баланың жүйке жүйесі одан әрі дамиды, қозу мен тежелу, әсіресе, тежелуі жетіле түседі. Тежелудің жетілуі мінез - құлық ережелерін оңай орындауға мүмкіндік тудырады, бірақ балаға жиі - жиі тежелу тапсырмасын көп бермей, оны мөлшерлеп отырмаса, жүйкесіне күш түсіріп, жүрегіне демалысына зиянды ықпал етеді. Бұл кезде жүйкенің қозғалғыштық қасиеті біраз жетіліп, баланың сұрақтарға тез жауап беру, әрекеті мен қозғалысын тез өзгерту, шапшаңдығын, шыдамдылығын, күшін дамытуға мүмкіндік жасайды. Алайда жүйкенің қозғалғыштық қасиеті әлі де жеткілікті дәрежеде емес, сол себептен де үлкендердің шұғыл жасалған тілегіне тез жауап қайтара алмайды. (Белгі бойынша жүгіру, секіру, тапсырманы орындау, т. б.)

5 - 6 жастағылар лексиканы игерумен, әр түрлі бірыңғай, бейнелеу сөздерін пайдалана, қолдана алу қабілеттерін игереді. Олар зат есімді, сын есімді, етістікті түрлендіріп қолдана алады. Мысалы, аю, қонжық, ақ аю, қара аю, т. б. Заттардың түсін, көлемін және басқа белгілерін де тауып айта алады, күрделі анықтауыш сөздерді де пайдаланады. Дамуы жақсы балалар күрделі қолданыстарды пайдаланса, тілінің дамуы шектеулі балалар жеке қимыл - әрекеттерді білдіретін етістіктерді пайдалана алады (бар, кел, әкел, жүр, тұр, отыр). Бұл, әрине, қосымша жұмыс жүргізуді қажет етеді. Баланың байланыстыра сөйлеуі естиярлар тобынан басталып, қалыптасады. Олар 30 - 60 сөзден әңгіме құрай алады. Ересектер тобында баланың сөйлеуі бәсеңсіп, тек өте

қызықтырған әңгіме болса ғана 150 - 200 сөзді пайдаланып, әңгімелей алады. Олардың ойын, еңбек, т. б. әрекеттер кезінде сөйлеу белсенділігі алдыңғы кезеңдермен салыстырғанда 2 - 3 рет төмендейді. Бұның себебін зерттеушілер осы кезеңдегі сыртқы сөйлеудің іштей ойлануға ауысуынан іздейді, бұл түсінісу тілінің екі есе төмендеуіне әкеліп соғады. Сондықтан балалардың сөйлеу тілінің дамуына ерекше мән бере, басшылық жасау керек. Қоғамдық өмір құбылыстары туралы әңгімеге қарағанда балалар табиғат туралы әңгімеде сын есімді көп қолданады. Ересектер бір сөзді қайталауды, жалғауларды жиі пайдаланады жақсы көреді, сондықтан олардың сөйлемдері 20 сөзден де құралуы мүмкін. Ересектерге күрделі сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдерді дұрыс құрауды, жалғауларды дұрыс пайдалануды үйреткен жөн. Бұл кезде 4 - 6 сөзден сөйлем құрай алады. Бірақ олар әлі сөйлемді дұрыс құрауды, дауыс ырғағын пайдаланып, сөйлемнің аяқталғанын білдіруді игермеген.

Ересектердің үлкендермен, құрдастарымен, қарым - қатынасы күрделеніп іс - әрекетінің мазмұны, түрі, (ойыны, еңбегі, оқуы) байи түседі, мақсатты әрекеті дамиды. Ойлаудың жоғарғы түрі көрнекті ойлауы, шығармашылықтың кейбір элементтері көрініс табады. Мұқият тыңдау, есте сақтау, еркін өзі басқару, танып - білген заттары мен құбылыстарын талдау, кейбір белгілерін ажырату, салыстыру, қарапайым қорытынды жасау қабілеттері дамиды. Азын - аулақ кедергілерді жеңуді, қолы жеткен нәтижесін дұрыс бағалауды, өзара көмектесуді игереді, бірге ойнайтын балалар тобы көбейеді.

№12 жалпы орта мектебі

№ 2 хаттама

«Балапан» МАД сыныбының ата-аналар жиналасының хаттамасы №2

Қатысқан ата-ана: 15

Өткізілген күні: 15.12.2021ж

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде

1. «Отбасы – адам баласының алтын діңгегі» (баяндама)
2. II тоқсан қорытындысы, балалар оқу үлгерімі туралы.
3. Балалар тәрбиесі туралы

Бірінші мәселе бойынша «Отбасы – адам баласының алтын діңгегі» негіздері туралы баяндама жасадым. Баяндамада ата-аналарды отбасы тәрбиенің бастауы, сонымен қатар діңгегі екендігі жайлы таныстырдым.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға балаларының оқу үлгерімі туралы айтылды.. 5 «А» сыныбының үлгерім сапасы 100%, білім сапасы 26 % құрайды. Бұл көрсеткіш өте төмен. 7 оқушының екеуі ғана жақсы көрсеткішті көрсетеді.

Оқушылардың тәртібі жайлы әңгіме болды.

Шешімі:

1. Баяндама қанағатты деп табылды.
1. Келесі тоқсанда білім сапасын көбейтуге тырысатын болды.
1. Оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс нығайтуға тырысамын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшысы:



Жаукимова Н.Т
Азбергенова Е

Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі (баяндама)

Бала тәрбиесі ана сүтінен басталып, өмір бойы қалыптасқан күрделі құбылыс. Тәрбиенің ең алғашқы негізі отбасында қаланады да балабақшамен тығыз байланыс арқылы одан әрі жалғасады. Педагог ғалымдарының тұжырымына сүйенсек, тұлғаны қалыптасу нәтижелілігі, ең алдымен отбасындағы өнеге байланысты. Отбасындағы ересектердің мінез — құлқына, әдебіне, іс — әрекетіне қарап өсіп, тәрбие көрген баланың да қандай екенін тану қиын емес.

Мектепке дейінгі ұйымдардың отбасы арасындағы өзара ықпалдастығы мына төмендегідей негізгі бағыттарға көңіл бөледі:

- педагогикалық және психологиялық сауаттылықты жетілдіру.
- іс — әрекеттің түрлі формалары (ұйымдастыру оқу іс — әрекеттерге қатысу, әр түрлі мерекелік шаралар)
- балалардың шығармашылық әрекетін дамыту,
- қалыптасу мен дамыту мәселелері бойынша тәжірибе алмасу,
- әлеуметтік дамытушы орта қалыптастыруға көмек көрсету.

Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін мектепке дейінгі мекемелермен отбасының арасында тығыз байланыс қажет. Осы бағыттағы тәлім — тәрбие сабақтаса, ұштаса жүргізілгенде ғана көзеген мақсат нәтижелі болмақ.

Бала тәрбиесіне тек балабақша, мектеп қоршаған орта ғана емес, сонымен қатар отбасы мүшелерінің бәрінің тигізер әсері мол. Жыл бойы жүргізілетін жұмыс жоспарын ата — аналармен бірлесе отырып жасаған тиімді. Себебі, ата — аналар заман талабына сай өзекті мәселелерді, отбасы тәрбиесіне байланысты тақырыпты өздері ұсына алады. Сондай — ақ, оларға ұсыныс, тіректермен санаса отырып, ата — аналарға арналған әңгімелер мен лекциялар, кеңестер мен сұрақ — жауап кештері, тәрбие жұмысын алмасу жөніндегі конференциялар, ата — аналарды педагогикалық әдебиеттермен таныстыру әдіс — тәсілдері қарастырылады.

Отбасы — бұл баланың өмір сүру ортасы яғни, қамқорлықтың тұрақты көзі. Тәрбиелеу мен қарапайым біліммен қаруландыру және шешім қабылдай білуге үйрететін ең жақын адамдардың мейірім шуағын сезінетін орта. Осы орайда бала білім нәрімен сусындайтын алтын ұясының алатын орны бөлек. Біріншіден, бала уақытының көп бөлігін балабақшада өткізеді, тәрбиешілерінен, ұстаздарынан дәріс үйренеді. Демек, отбасы мен балабақша арасындағы қарым — қатынастың алар ролінің қаншалықты маңызды екенін осыған қарап топшылауға болады. Балабақша ұжымы ата — аналарды ұйымдастырып, балаларды балабақшадағы өмірінің тәрбиесіне белсене қатысуларына арналған іс — шаралар жиі өткізіп тұрамыз. Оған сауықтыру кештері, ертеңгіліктер, тренингтер, сауалнамалар жатады. Осындай отырыстар арқылы ата — аналар бір — бірімен жақынырақ танысып, ортақ өзекті мәселелерді бірге шешуге тырысады. Бұл дегеніміз, ата — ананың қоғам алдындағы жауапкершілігі артады. Балабақша мен отбасы, ата — анамен бала арасындағы достық, бауырмалдық қарым — қатынастардың қалыптасуына игі ықпалын туғызады. Мектепке дейінгі мекемеде өткізіліп жатқан спорттық жарыстар салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу мен қатар ата мен бала арасындағы сүйіспеншілікті, ынтымақтастықтың да нығаюына септігін тигізеді. Қарап тұрсаңыз, отбасы мен балабақша бір — бірінен бөлек алып қарауға келмейтін егіз ұғым секілді. Ол — саналы ұрпақ тәрбиелеуде зор жетістікке жеткізетін берік одақ. Осы екі одақ бірлесіп, ынтымақтасқанда ғана күрмеуі қиын талай мәселелердің түйіні шешілетіні анық. Балабақшада балалармен, ата — аналармен ынтымақтаса жұмыс істеу нәтижелілігінің диагностикалық зерттеу

графигін құрып, ата — ананың балабақшаға деген көзқарасын қалыптастырды. Ата — ананың қатысуымен «Әкем, шешем және мен», «Отбасы алтын діңгек», сонымен бірге ашық ұйымдастырылған оқу іс — әрекеттерге ата — аналар қатыстырылды. Ондағы мақсат, жаңа технологияларды ата — аналарға бағыттау, әдіс — тәсілдерді түсіндіру, жақсы нәтижені көрсету барысында жетістіктеріне қол жеткізу. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» — дегендей, бала тәрбиелеуде осындай міндеттерді іске асырушылар балабақша мен отбасы. Осы екі арнада жүргізілген тәлім — тәрбие сабақтаса ұштаса жүргізілгенде ғана мектепке дейінгі жастағы балалардың отбасыларымен бірге отырып, жұмыс жасау оның ішінде отбасы бұрышын құрып, олармен жеке — жеке жұмыс жүргізу өз нәтижесін береді.

Отбасында ата — аналарға педагогикалық білім беру өте қажет, себебі, ата — ана бала тәрбиесінің мақсат — міндеттерін айқын түсінбей, бала тәрбиесінің жолдарымен амалдарын ойдағыдай іске асыра алмайды. Осы тұрғыда балабақшамыз отбасымен сабақтастықты орнату бағытында ата — аналарды оқу – тәрбие үрдісінің мазмұны мен әдістемесімен таныстыру, ата — аналармен педагогикалық — психологиялық ағарту жұмысын ұйымдастыру, ата — аналарды бірлескен әрекетке тарту сияқты негізгі жұмыс мазмұнының қызметтеріне сүйене отырып, өзара әрекет байланысының міндеттерін жүзеге асырады. Ол:

- ата — аналарды белсенді педагогикалық ұстанымдарын қалыптастыру
- ата — аналарды педагогикалық білім мен білік дағдыларымен қаруландыру
- бала тәрбиесіне ата — аналарды белсенді қалыптастыру.

Бұл жұмыстардан мынадай нәтиже күтуге болады.

1. Ата – аналар тарапына туындайтын белсенділік, қызығушылық.
2. Жауапкершілік және өздік жұмыс.
3. Мақсатқа жету деңгейі, тиімділігі, қанағаттылық.
4. Отбасының мектепке дейінгі мекемеге қосатын үлесі.
5. Алынған білімді қолдану, бала тәрбиесіне қатысты қолданылатын технологиялар.

Міне, біздер — тәрбиешілер, ата — аналар, қоғамдық ұйымдар, бала тәрбиесіне, оның келешегіне зор жауапкершілікпен қарап, тәрбие жұмысының тиімді әдіс — тәсілдерінің ынтымақтаса жүзеге асырсақ, жұмыр жер тағдырын, еліміздің болашағын күні ертең бүгінгі балабақша ұландарына сеніммен тапсыруға болады. Біздің мақсатымыз — заман талабына сай жаңашыл, шығармашыл, мәдениетті, жан — жақты сауатты жеке тұлға тәрбиелеу.

№12 жалпы орта мектебі

№ 3 хаттама

«Балапан» МАД сыныбының ата-аналар жиналасының хаттамасы №3

Қатысқан ата-ана: 13
Қатыспағандар: 2

Өткізілген күні: 16.03.2022ж

Күн тәртібінде

1. «Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» (баяндама)
2. III тоқсан қорытындысы, балалар оқу үлгерімі туралы.
1. Балалар тәрбиесі, үлгерімі туралы

Бірінші мәселе бойынша «Балаға тәрбие беруде әкесінің орны» негіздері туралы баяндама жасадым. Баяндамада ата-аналарды тәрбие беруде әкесінің орны туралы таныстырдым. Бұл жиналыстың ерекшелігі әкесінің қатысуымен өтті.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға балаларының оқу үлгерімі туралы айтылды. «Балапан» сыныбының үлгерімі алдыңғы тоқсанға қарағанда сапасы 100 %, білім сапасы 48 % құрайды.

Әр түрлі мәселелер бойынша сыныптағы оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімі жөнінде айтып өттім.

Шешімі:

1. Баяндама қанағатты деп табылды.
1. Келесі тоқсанда білім сапасын көбейтуге тырысатын болды.
1. Оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс нығайтамын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшысы:



Жаукимова Н.Т
Қойбағар Г

«Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігі» (баяндама)

«Ел болам десең бесігіңді түзе», «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап тәтті ұйқыға батып өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл. Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.

Қай елде, қай кезде болмасын, бала тәрбиесін ерекше дамытушы да, ілгері апарушы да-балалар, яғни бүгінгі ұрпақ-ертеңгі елдің болашағы.

Бала тәрбиесі ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Баланы өмірге бейімдеуде мектеп, ұстаз және ата-ананың орны бөлек. Бала өмірінің басым бөлігі отбасында өтеді. Отбасы - адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы – ата-ана. Ата-ананың үйдегі іс-әрекеті балалардың көз алдында өтеді. Сондықтан бала мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі оның алғашқы ұстазы – ата-анасы. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он, моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсінік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Ата-ананың бала тәрбиесіндегі міндеттері:

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген балаңыздың күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркіңізбең оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;

Бұдан басқа сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектепшілік іс-шараларға, сынып жетекшілердің ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Осыған байланысты сынып жетекші ең бірінші сынып ата-аналар төрайымымен және сынып ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Кез келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті. Осы жоспарды барлық сынып жетекшілері бұл мәселені бірлесіп дұрыс жолға қоя білсе, көптеген жұмыстарымыздан жеңілдіктер байқалар еді. Осыған байланысты көптеген ата-аналар сынып жетекшінің ай сайын өткізетін ата-аналар жиналысына келмей де жатады.

Ата-аналар кодексінде былай жазылған:

- Ата-ана ерекше жағдайда ғана емес, тәрбиемен ұдайы айналысуға міндетті;
- Баланы тәрбиелеу үшін ата-ана өзіміз тәрбиелі болуымыз керек. Тәрбие беру-ақыл айту емес;
- Баланы жақсы көргендізіңізді мейірімді, жылы сөзбен жеткізіп отырыңыз;
- Мектептегі жағдайды жақсарту мақсатында ұсыныстар айтуға құқыңыз бар.

Ата-аналарға арналған этикалық кодексте:

1. Мектеп білім ошағы екенін есте ұстаңыз.
2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.
3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.
6. Мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс алмаңыз.
7. Өз балаңыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.
8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.
9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз.
10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз.
11. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күту орнында күтіңіз.
12. Өз мүмкіндігіңізге қарай мектепте өтілетін, қала көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байқауларға қатысыңыз.
13. Өз еріктерімен әрбір ата-ана мектепке ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.

№12 жалпы орта мектебі

№ 4 хаттама

«Балапан» МАД сыныбының ата-аналар жиналасының хаттамасы №4

Қатысқан ата-ана: 14

Өткізілген күні: 18.05.2022ж

Қатыспағандар: 1

Күн тәртібінде

1. «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» (баяндама)
1. IV тоқсан қорытындысы, балалар оқу үлгерімі туралы.
1. Балалар тәрбиесі, үлгерімі, жазғы демалыс туралы

Бірінші мәселе бойынша «Отбасы тәрбиесінің ерекшеліктері» негіздері туралы баяндама жасадым. Баяндамада ата-аналарды отбасы тәрбиесінің ерекшеліктерімен таныстырдым.

Екінші мәселе бойынша ата-аналарға балаларының оқу үлгерімі туралы айтылды.. «Балапан» МАД сыныбының үлгерімі алдыңғы тоқсанға қарағанда сапасы 100 %, білім сапасы 74 % құрайды.

Әр түрлі мәселелер бойынша әрбір сынып жетекші өз сыныбындағы оқушылардың тәртібі мен оқу үлгерімі жөнінде айтып өтті. Сонымен қатар жазғы демалыс туралы айтылды. Оқушылар жазғы демалыстарын үйде, Ауылда өткізетіні анықталды.

Шешімі:

1. Баяндама қанағатты деп табылды.
1. Келесі жылы оқушылар жаңа оқу жылына деген дайындығын нығайту, жазғы демалыста көлге, өзенге шомылуға бармайтыны туралы айтылды.
1. Оқушылар мен ата-аналар арасында байланыс нығайтуға тырысамын.

Жиналыс төрайымы:
Хатшысы:



Жаукимова Н.Т
Дүйсенова Ж

«Тәрбиенің ең тамаша мектебі – отбасы» (баяндама)

Тәртіпті де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – отбасы мен мектептен алған үлгі - өнеге жиынтығының жемісі. «Отбасында адам бойындағы асыл қасиеттер жарқырай көрініп қалыптасады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған – туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады » деп елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай, еліміздің болашағы бүгінгі балалардың дұрыс азамат болып қалыптасуы отбасындағы тәрбиеге байланысты. Себебі, отбасы - оқыту мен тәрбие жұмысының серіктесі, адам тұрмысын ұйымдастырудың қайнар көзі, ол материалдық және рухани үдерістерімен сипатталады. Жас ұрпақтың әлеуметтеніп, тәлім-тәрбие алып, өсіп-өнетін негізгі институты. Тал шыбықтай жас ұрпаққа бесіктен бастап берілген тәлім-тәрбие, ұстаным - тәртіп қағидалары есейгенде оның мінез –кұлқының, сана-сезімінің, ар-ождан намысының темірқазығына айналады. Абай атамыз былай дейді: «Балаға көбіне үш алуан түрлі мінез жұғады: біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-кұрбысынан». Бүгінгі таңда ата-ана, ұстаз, қоғам - үшеуі, тәрбиеге болар басты өлшем. Бір тұтасып, біріктірсе күштерін тәрбиенің үш мектебі адамның мінез-кұлқын қалыптастырып, адамгершілік болмысын жетілдіреді. Ұрпақ тәрбиесінің отбасында, білім ордасында, қоғамда нәтижелі болуы осындай ынтымақтастыққа негізделеді.

М. Әуезов «Абай жолы» кітабында былай көрсеткен. Құнанбай жанұясында баласы Абайдың қабілет – қарымын танып ел басқаруға ерте баулуы да содан. Әке – балаға сыншы. Ол бала бойындағы әрбір жақсы ісіне сүйсініп, теріс әрекетіне күйінеді. Әке тәрбиесі асауды ауыздықтандыратын, тентекті тұзақтайтын, елдікті сақтайтын, ерлікті жақтайтын шаттығын шалқытатын ұлы мектеп. Ал ана тәрбиесі кешенді тәрбие, жинақталған аса тағылымды мектеп. Сондықтан Серғазы Қалиевпен, Құбығұл Жарықбаев өз еңбектерінде «Тәрбиенің ең тамаша мектебі - отбасы» - деп тектен тек көрсетпеген.

Қазіргі таңда жастар өз бетімен, дәлірек айтқанда ғаламтор арқылы өмір сүруге дағдыланған. Олардың басты тәрбиелеуші құралы – ұялы телефондары. Сырластары да, мұндастары да сол. Бар мамықты астына төседім, бар тәттіні аузына салдым деп ата-ананың бар ойлайтыны – баласын ешкімнен кем қылмай өсіру. Бірақ, олардың кейде ескермей, қалдырып қоятын дүниелері – балаларымен сырласпау, жеке қалмау, оларға уақыт бөлмеу, не істеп, не қойғандарынан хабардар болмау. Міне, басты проблемалық дүниеміз – осы. Жас кезінен бастап жасөспірімдердің бұзақылық әрекеттерге баруы немесе ерте кезінен ана атануы, қараусыз қалуы, барлық іштегі сырының айтылмай «жалғыз» қалуынан депрессияға ұшырап, өз-өзіне қол жұмсауы... тізе берсек, жалғаса беретін ұзақ тізбек. Бұл мәселенің шешімі бар ма? Әлбетте. Қалай? Мысалға алайық, бір түйінді шешудің екі түрлі жолы бар: бірі – қайшымен қию, екіншісі - сол түйінді қалай болса да қолмен шешіп алу. Бірі оңай, бірі – қиынырақ. Біз оңай жолын таңдай салып, жас өмірге балта шаба салып, келте қылмауымыз керек немесе екінші нұсқадағыдай түйінді қинап ашпауымыз керек. Біз о баста не түйінді болдырмауымыз керек немесе оны қатты түйіндемеуіміз қажет. Бұдан шығатын қорытынды: ата-ана баланы о бастан дұрыс бағытта тәрбиелеу керек еді. «Жеті жасқа дейін балаңды хандай күт, жеті жастан кейін құлыңдай жұмса, он бес жастан асқан соң досыңдай сырлас» дейді. Он бес жас – баланың жаңа дүниелерге елітіп, ешкімді тыңдағысы келмей, өзінің позициясын көрсеткісі келіп тұратын өтпелі кезеңінің бастау алар шағы. Демек, сол кезеңдерде балаға психоллогиялық қолдау керек. Ол кімнен болу қажет? Әрине, ең біріншіден, баланың ата-анасы баланы қолдап, қолпаштап, досыңдай сырлас болып, тәрбиелей білу қажет. Оның жағдайын түсіне отырып, досы ретінде артықшылығы мен кемшіліктерін, қателіктерін емін-еркін айта алар болса, ол барлығын сол кезден түсініп бастайды. Сонда ғана отбасы тәрбиесіне қатысты мәселелер талапқа сай шешіледі.